**Түйінгеме.** Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру жүйесінде олимпиадалық білім беруді дамыту перспективалары қарастырылады. Эксперименттік жұмыстың нәтижелері мектеп жасына дейінгі балалардың олимпиадалық білім беру, педагогикалық іс-әрекеті саласында ата-аналармен бірлесіп білім, білік және дағдыларын арттыру бойынша жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін растайды. Балаларды өзін-өзі жетілдіруге ынталандыруға қосымша серпін береді.

**Түйінгі сөздер:** Олимпиадалық білім, адамгершілік тәрбиесі, өзін-өзі жетілдіру, педагогикалық қызмет, салауатты өмір салты.

Sauranbay Nazerke, Azhibaeva Salima, Zhakyp Kuanysh, Sovetbay Makpal,  
Temirkhanov Erlan, Raimahuhowa Orashan  
Abai Kazakh National Pedagogical University  
(Almaty, Kazakhstan)

### THE IMPACT OF OLYMPIC EDUCATION IN HUMANITY EDUCATION OF PRE-SCHOOL CHILDREN

**Abstract.** The prospects of the development of Olympic education in the system of formation of moral education of preschool children are considered. The results of the experimental work confirm the need to continue further work on enhancing the knowledge, skills of preschool children in the field of Olympic education. And pedagogical activity together with parents will give an additional impulse to stimulate children to self-improvement.

**Keywords:** Olympic education, moral education, self improvement, pedagogical activity, healthy lifestyle.

Олимпиадалық білім қазіргі қоғам мәдениетінің құрамдас бөлігіне айналууда. Олимпиадалық білім – балалардың дене, эстетикалық және адамгершілік тәрбиесінің жиынтығы. Оны дене тәрбиесі жүйесін неғұрлым тиімді шешуге бағытталған педагогикалық процесс деп қарастырған жөн. Сондықтан біз осы тақырыпты таңдадық. Біздің ойымызша, олимпиадалық білім адамның басты құндылығы ретіндегі денсаулықтың маңыздылығының артуына байланысты. Балалардың денсаулығын спорт

арқылы нығайту, ұтымды дене тәрбиесі қоғамдық жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнімен толықтырылып, жұмысты қажетті әрі мәнді етеді.

Мектепке дейінгі жаста балалардың адамгершілік қасиеттері белсенді түрде қалыптасады және олар баланың дене дамуына да әсер етеді. Қазіргі уақытта соны ескере отырып, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде адамгершілік идеалдарды қалыптастыру жүйесі арқылы олимпиадалық білім беруді дамытудың тиімді жолдарын іздестіру талабы туды. Мұндай қасиеттерді дамыту үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет екені анық, өйткені олар өздігінен пайда бола алмайды. Олардың қалыптасуы бірте-бірте салауатты өмір салты, спорт туралы білімдерді жинақтаумен және тәрбиенің әдістемелік әдістерін қолданумен орын алады [1].

Зерттеу мақсаты: Олимпиадалық білім беру арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу.

Зерттеу міндеттері:

- Олимпиадалық қозғалыстың негізгі құндылықтары мен идеалдарын көрсете отырып, балалардың адамгершілік, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.

- Олимпиада ойындары, олардың рәміздері туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру.

- Ерік-жігерлік қасиеттерге, адамгершілікке, мақсаттылыққа, ұйымшылдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, жеңіске деген құлшынысын, өзіне деген сенімділігін дамыту.

**Зерттеу әдістері:** зерттеу мәселесіне арналған диссертациялық жұмыстарды, философиялық, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді; ғылыми мақалалар мен нормативті құжаттарды талдау-жинақтау;

Жұмысымызды «Олимпиадалық білім мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу құралы ретінде» тақырыбынан бастап, біз өз алдымызға мақсат қойдық – оқушыларды жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде олимпиадалық қозғалыстың тарихы туралы алғашқы мәліметтермен таныстыру; дене шынықтыру және спорт деңгейін арттыру арқылы балалардың денсаулығын сақтау және нығайту. Адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, баланы дамытудың ойын процесіне Олимпизм элементтерін қосу қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру жүйесіндегі олимпиадалық білім - тәрбиенің, тазалықтың элементі болып табылады және олимпизм философиясына ықпал етеді.

Дене қасиеттерін, спортқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру арқылы адамның адамгершілік қасиеттерін тәрбиелеу жұмысын ұйымдастыруда бірнеше кезеңдерді бөліп көрсетуге болады:

Бірінші кезең. Балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыруға ықпал ететін топтағы қолайлы дамушы орта атмосфера жасау керек. Осы мақсатта мемлекеттік рәміз атрибуттары бар олимпиада бұрыштарын ұйымдастыруға болады. Олимпиада ойындарының рәміздері (тұмарлар, марапаттар, ұрандар, алау, Олимпиада эмблемасы). Мұнда Қазақстан спортының негіздерін зерттеуге арналған фотосуреттерді, балаларға арналған кітаптар мен журналдарды, ашық хаттарды және т.б. орналастыруға болады.

Екінші кезең. Балалардың адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру және еліміздегі спорт түрлерімен таныстыру мақсатында дене шынықтыру жұмыстарын жалғастыру, ізгілік, сұлулық, күш, батылдық, адамгершілік құндылықтарын ашуға тырысу. Бұл жұмыс

кезеңінде балаларды спорт туралы балалар әдебиетімен, тақырыптармен таныстыру оларды адамгершілік құндылықтарға жетелейді.

Үшінші кезең. Кейінгі жұмыс жас ұрпақты жетекші спортшылармен және олимпиадалық спорт түрлерімен таныстыру сипатына ие болады. Бұл осы категорияны олимпиадалық құндылықтарға енгізудің негізгі жолдарының бірі. Бұл кезеңнің мақсаты балалардың дене шынықтыруға және салауатты өмір салтына деген қызығушылығын қалыптастыру.

Төртінші кезең. Дене тәрбиесі кезеңінің жетекші міндеті – мектеп жасына дейінгі балаларды еліміздің Олимпиада әлемімен таныстыру арқылы адамгершілік және дене тәрбиесі жүйесін құру. Олимпиада тақырыбымен байланысты әртүрлі әңгімелер, бақылау, ойын квесттері, серуендер, экскурсиялар сияқты әдістерді қолдану қажет. Ойын – бұл жаста жетекші әрекет, сондықтан спорттық, қозғалмалы ойындарды тәрбие процесіне қосу керек. Сондай-ақ келесі өскелең ұрпақтың бойында ұжымдық рухты қалыптастыру, жолдасқа көмек пен жанашырлық, әділ күрес т.б. туралы түсінік қалыптастыруға тиісті көңіл бөлу.

Бесінші кезең. Мұнда балалардың оқыту барысында алған білім, білік, дағдыларын бекіту қажет. Бұл жұмысты әр түрлі жолмен, мысалы, Олимпиада тақырыбына арналған мереке: «Кіші Олимпиада ойындары»; «Еліміздің олимпиадалық болашағы»; «Денсаулық – күш!»; «Біз бірге ойнаймыз» тақырыбында мерекелер, жобалар, ертеңгіліктер ұйымдастырып, жүзеге асыруға болады [2].

Мектеп жасына дейінгі балаларда дене тәрбиесі арқылы адамгершілікті қалыптастыру үдерісін табысты жүзеге асыруда педагогтардың құзыреттілігі маңызды рөл атқарады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, олимпиадалық білім беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеу – бұл балалар, мұғалімдер, ата-аналар және басқа да мүдделі тараптар арасындағы ынтымақтастық процесі, оның басты мақсаты - мектеп жасына дейінгі балалар арасында олимпиадалық білім жүйесін қалыптастыру болып табылады.

Адамгершілікке тәрбиелеу отбасымен, жолдастарымен, олардың айналасындағы адамдармен күнделікті өмірде, демалыста, еңбекте және т.б. қарым-қатынасы сияқты балалардың іс-әрекетінің барлық салаларын ескере отырып, жүйелі түрде жүргізілуі керек. Жоғары ұйымдастырылған педагогикалық процестің нәтижесі олимпиадалық білім беру арқылы адамгершілік идеалдарын дамытуға бағытталған. Олимпиадалық білім арқылы адамгершілік мұраттарды дамытуға бағытталған жоғары деңгейде ұйымдастырылған педагогикалық процестің нәтижесі - еңбексүйгіштік, жолдасына көмек пен жанашырлық, жауапкершілік, парыз, ар-ождан, сыйластық, білуге құмарлық сияқты қасиеттерді бойына сіңірген тұлға.

Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру жүйесіндегі олимпиадалық білім келесі аспектілерді қамтиды:

- олимпизм ережелерін меңгеру және орындау;
- олимпизм идеалдарына сәйкес келетін әрекеттер;
- белсенді өмір салтын ұстану және маңыздылығын түсіну;
- олимпиадалық құндылықтарға негізделген адамгершілік жүйесін құру;
- балалардың қоғаммен қарым-қатынасын түсіну;

- тұрақты адамгершілік әдеттерді қалыптастыру [3].

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында олимпиадалық тәрбие арқылы адамгершілікті қалыптастыру күрделі, көп қырлы, ұзақ процесс. Балаларды адамгершілік әлемімен таныстыру спорттық құндылықтар туралы түсінік қалыптастыра отырып, кейіннен бұл процесті барған сайын күрделі элементтермен қанықтыра отырып, оны моральдық сенімдер жүйесіне жеткізеді.

Кесте-1. Олимпиадалық білім беру арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастырудың жоспарлы тапсырмалары

| №                  | Тапсырма                              | Мақсаты                                                                                                                                                                   |
|--------------------|---------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Әңгімелер          |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 1                  | «Олимпиада ойындарының тарихынан»     | Балалардың бойында Олимпиада ойындары туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру, белсенді және салауатты өмір салтын ұстануға үйрету                                       |
| 2                  | «Спорт және спортшылар»               |                                                                                                                                                                           |
| 3                  | «Олимпиада ойындарының рәміздері»     |                                                                                                                                                                           |
| 4                  | «Жазғы және қысқы Олимпиада ойындары» |                                                                                                                                                                           |
| Ертегілер          |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 5                  | «Олимпиада ойындары қалай басталды»   | адамгершілік тәрбиесін дамыту жүйесіне және қиялдың дамуына ықпал ету                                                                                                     |
| 6                  | «Орман Олимпиадасы»                   |                                                                                                                                                                           |
| Әліпби             |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 7                  | Спорттық әліпби                       | Сөйлеуге, есте сақтауға, ойлауға, назар аударуға бағыттау                                                                                                                 |
| Квест-ойындар      |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 8                  | «Олимпиаға саяхат»                    | Балалардың зейінін, логикалық ойлауын, шығармашылық қиялын, жеңіске деген ұмтылысын және өзіне деген сенімділігін дамыту.                                                 |
| 9                  | «Жасөспірімдер чемпионы»              |                                                                                                                                                                           |
| Бояу дәптерлері    |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 10                 | «Олимпиада ойындарының тұмары»        | Мектеп жасына дейінгі балаларды олимпиадалық рәміздермен, Олимпиада ойындарына қатысушы елдермен таныстырып түсінігін кеңейту, сонымен қатар саусақтар моторикасын дамыту |
| 11                 | «Медальдар»                           |                                                                                                                                                                           |
| 12                 | «Олимпиада туы»                       |                                                                                                                                                                           |
| 13                 | «Олимпиада алауы»                     |                                                                                                                                                                           |
| Қозғалмалы ойындар |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 14                 | «Олимпиада сақиналары»                | Дене қасиеттерін, тұлға мәдениетін дамыту                                                                                                                                 |
| 15                 | «Алауды жағу»                         |                                                                                                                                                                           |
| 16                 | «Арқан тартыс»                        |                                                                                                                                                                           |
| 17                 | «Көңілді старт»                       |                                                                                                                                                                           |
| Мерекелер          |                                       |                                                                                                                                                                           |
| 18                 | «Еліміздің олимпиадалық болашағы»     | Балалардың спортпен айналысу қызығушылығын дамытуға көмектесу, адамгершілік мұраттар жүйесіне бейімдеу                                                                    |
| 19                 | «Денсаулық күш»                       |                                                                                                                                                                           |
|                    |                                       |                                                                                                                                                                           |

Жоспарлы тапсырмалар мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу жүйесінде олимпиадалық тәрбиені пайдаланатын материалдардың үлкен көлемін қамтыды.

Қорыта келе, біздің эксперимент мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру жүйесіндегі Олимпиадалық тәрбиенің өзекті және қажет екенін көрсетті, өйткені мектеп жасына дейінгі балалар адамгершілік-құндылық бағдарларының қалыптасуына ең бейім болып келеді. Осыған байланысты мектеп жасына дейінгі балалар ең жауапты өмір салты адамгершілік мәдениетті анықтайды және бұл көбінесе олимпиадалық білім беру арқылы балаларды адамгершілік әлемімен таныстыруға қолайлы жағдай жасайды. Мектеп жасына дейінгі балалар олимпиадалық білім алу арқылы жүйелі дене шынықтыру, денсаулықты жақсарту, зейінді дамыту, есте сақтау, ойлау ынтасын арттырады, сол арқылы жеке тұлғаның адамгершілік ұстанымдарын қалыптастырады. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың нәтижелері мектеп жасына дейінгі балалардың олимпиадалық білім беру саласындағы білімдерін және дағдыларын арттыру бойынша жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін растайды.

#### **СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1. Мухина, В.С. Возрастная психология. Феноменология развития: учебник для студ. высш. учеб. заведений / В.С. Мухина. – М.: Академия, 2006. – 608 с.
2. <https://dcurr-kalinkovichi.schools.by/pages/olimpijskoe-vospitanie-doshkolnikov>
3. Печерский, Н.В. Концептуальные основы олимпийского образования / Н.В. Печерский, А.А. Сучилин // Олимпийское движение и социальные процессы: матер. VI Всерос. науч.-практ. конф.; редкол.: И.И. Сулейманов (отв. ред.) [и др.]. – Омск, 1995. – С. 116–118

## **SECTION: PSYCHOLOGY SCIENCE**

**Құспан Ф.С.**

**Астана халықаралық университетінің өнер және гуманитарлық  
жоғары мектебінің бакалавры,**

**Оспанов Б.Е.**

**Педагогика ғылымының кандидаты, өнертану доценті, Астана халықаралық  
университетінің өнер және гуманитарлық ғылымдар мектебінің профессоры  
(Астана, Қазақстан)**

### **ИНКЛЮЗИЯ, ӨНЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ: «ЖЫЛУ КӨЗІ» ИНКЛЮЗИВТІ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БРЕНДИНГІНЕ ТАЛДАМАЛЫҚ ҚАРАСТЫРУ**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «Жылу Көзі» инклюзивті орталығының қоғамдағы әлеуметтік қатысуды кеңейтудегі орны, өнер арқылы коммуникацияны жандандырудағы рөлі және визуалды айдентикасының әлеуметтік-психологиялық маңызы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу психология, графикалық дизайн, тұстану, символика және әлеуметтік мәдениеттану бағыттарының тоғысында жүргізіліп, инклюзивті орталықтың брендингі қоғамдағы қабылдау мәдениетін қалыптастырудағы маңызды құрал ретінде сипатталады.

**Түйінгі сөздер:** инклюзия, визуалды айдентика, өнер, психология, тұстану, әлеуметтік қатысу, символика, дизайн, коммуникация.

**Құспан Ф.С.**

**Бакалавр высшей школы искусств и гуманитарных наук  
Международного университета Астана,**

**Оспанов Б.Е.**

**Кандидат педагогических наук, доцент искусствоведения, профессор Высшей школы  
искусства и гуманитарных наук Международного университета Астана  
(Астана, Казахстан)**

### **ИНКЛЮЗИЯ, ИСКУССТВО И ОБЩЕСТВО: АНАЛИТИЧЕСКИЙ ОБЗОР БРЕНДИНГА ИНКЛЮЗИВНОГО ЦЕНТРА «ЖЫЛУ КӨЗІ»**

**Аннотация.** «Жылу көзі» в расширении социального участия в обществе, его функции в оживлении коммуникации через искусство, а также социально-психологического значения его визуальной идентичности. Исследование проводится на стыке психологии, графического дизайна, теории цвета, символизма и социокультурных исследований и описывает брендинг инклюзивного центра как важный инструмент формирования культуры восприятия в обществе.

**Ключевые слова:** инклюзия, искусство, дизайн, психология восприятия, общественная адаптация, визуальная идентичность, цвет, символика.

*Kuspan F.S.*

*Bachelor of Arts and Humanities of Astana International University,*

*Ospanov B.E.*

*Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of art history, professor of the Higher School of art and Humanities of Astana International University  
(Astana, Kazakhstan)*

**INCLUSION, ART AND SOCIETY: AN ANALYTICAL OVERVIEW OF THE BRANDING  
OF THE “JYLY QÓZI” INCLUSIVE CENTER**

**Annotation.** *This article provides a comprehensive examination of the “Zhyly Közi” Inclusive Centre's role in expanding social participation within society, its function in revitalising communication through art, and the socio-psychological significance of its visual identity. The study is conducted at the intersection of psychology, graphic design, colour theory, symbolism and social cultural studies, and describes the branding of the inclusive centre as an important tool in shaping the culture of reception in society.*

**Keywords:** *inclusion, visual identity, art, psychology, color theory, communication, social integration, branding.*

Мақалада орталықтың басты миссиясы - өнерді инклюзияға бағытталған қарым-қатынас, тілдесу және өзін-өзі білдірудің әмбебап құралы ретінде пайдалану екендігі атап өтіледі. Бұл тәсіл ерекше қажеттіліктері бар адамдардың қоғаммен өзара әрекеттесу деңгейін арттырып, эмоционалдық, сенсорлық және мәдени коммуникацияның жаңа мүмкіндіктерін ашады.

Брендтің негізгі графикалық символы ретінде ұсынылған көз бейнесі адамның қабылдау үрдісін, назар аудару мәдениетін, сенсорлық тәжірибені және жеке тұлғаның ішкі әлемін меңзейді. Ал жылы реңкті палитра мен сызықтық минималистік графика психологиялық тұрғыдан қолайлы, жайлы және баршаға қолжетімді орта құруға бағытталған визуалды шешімдер ретінде негізделеді. Бұл визуалды тіл орталықтың гуманистік философиясын, эмпатияға негізделген қарым-қатынас моделін және көркемдік құралдар арқылы әлеуметтік көпір қалыптастыру мақсатын айқын көрсетеді. Жалпы алғанда, мақалада «Жылу Көзі» инклюзивті орталығының брендингі тек визуалды айдентика жүйесі емес, сонымен қатар қоғамдағы инклюзия мәдениетін нығайтуға бағытталған маңызды әлеуметтік-коммуникативтік феномен ретінде талданады. Қазіргі қоғамда инклюзия мәселесі әлеуметтік саясаттың ғана емес, мәдени, психологиялық және экономикалық кеңістіктердің ажырамас бөлігіне айналып отыр. Әлемде ерекше қажеттіліктері бар адамдардың әлеуетін мойындау, олардың қоғамға толыққанды қатысуына жағдай жасау - дамыған елдердің басты стратегиялық бағыттарының бірі; бұл шынайы статистикалық және саяси құжаттар арқылы да расталған. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есебі инклюзия мәселелерінің



халықаралық маңыздылығын айқындайды [9]. Дегенмен, инклюзияны тек нормативтік талап ретінде емес, әлеуметтік мәдениет ретінде қабылдауға бағытталған жобалар әлі де жеткіліксіз. «Жылу Көзі» инклюзивті арт-орталығы дәл осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталған, шығармашылық пен психологияны тоғыстыратын кешенді жоба болып табылады.

Орталықтың концепциясы ерекше қажеттіліктері бар балалар мен ересектерге тек бейімделу мүмкіндігін емес, өнер арқылы өз ойы мен сезімін білдіруге, қоғаммен тіл табысуға, ішкі дүниені танып-білуге жағдай жасауды көздейді. Әлемдік зерттеулерде өнер терапиясының эмоционалды даму мен мінез-құлық тұрақтылығына оң әсері кеңінен дәлелденген [1]. Сонымен бірге, адамның таным процестерін арт-терапиялық әдістермен қолдау сенсорлық интеграцияны жақсартып, жеке бастың өзіндік бағасын қалпына келтіруге ықпал ететіні көрсетілген [2]. «Жылу Көзі» осы ғылыми бағыттардың негізінде құрылып, шығармашылықты психологиялық қолдаудың тиімді құралы ретінде қолданады.

Орталықтың логотипі - көз символы- қабылдау, түсіну және байланыс орнаудың әмбап метафорасы ретінде таңдалды [1] сурет. Көздің ортасындағы динамикалық сызықтар жылылықты, эмоциялық ағымды және ішкі әлемдегі қозғалысты білдіреді. Жоғарғы бөліктегі сәулелік элементтер орталықтың басты мақсаты - адамның әлеуетін ашып, қоғаммен өзара әрекеттесуіне жағдай жасау - идеясының визуалдық көрінісі болып табылады. Жұмсақ қызғылт-сары палитра сенімділік пен қолжетімділікті, эмоционалды жайлылықты және психологиялық қауіпсіздікті сезіндіреді (түс негіздері мен олардың психологиялық әсері туралы классикалық зерттеулерге сүйенеді) [11].



**Жылу Көзі**  
CREATIVE CENTER

[1] сурет

«Жылу Көзі» орталығы тек оқу немесе шығармашылық кеңістік емес, әлеуметтік кәсіпкерліктің толық моделін ұсынатын маңызды бастама болып саналады. Халықаралық тәжірибеде инклюзивті арт-орталықтардың табысты мысалдары өте көп. Мысалы, Creative Growth Art Center (Окленд, ААШ) даму ерекшеліктері бар суретшілерді қолдап келеді және олардың жұмыстары беделді музейлерде көрсетілген; бұл орталықтың

әлеуметтік кәсіпкерлік модельдері үшін маңызды практикалық негіз болып табылады [3]. Сол сияқты Ұлыбританиядағы Project Ability ұйымы ерекше қажеттіліктері бар адамдардың өнерін коммерциялық кеңістікке шығарды және арт-терапияны кәсіби дамыту платформасына айналдырды [4]. ArtLifting әлеуметтік платформа ретінде инклюзивті авторлардың жұмыстарын нарыққа шығару тәжірибесінің табысты үлгісі [5]. Arts Access Australia ұлттық деңгейде өнер және инклюзия бағдарламаларын жүзеге асыру тәжірибесін көрсетеді [6].

Осындай табысты мысалдар «Жылу Көзі» орталығы үшін әдістемелік негіз болып табылады. Орталықта жасалатын шығармашылық өнімдердің кем дегенде 50 пайызы ерекше қажеттіліктері бар қатысушылардың еңбегі болатыны әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі шарты, бұл көзқарас әлеуметтік кәсіпкерлік теориясының ұсынымдарына сәйкес келеді [12]. Өнер өнімдері ретінде иллюстрациялар, мини-картиналар, коллаждар, декоративтік панно, керамикалық бұйымдар, цифрлық постерлер, қағаз және тоқыма қолөнер бұйымдары ұсынылады. Бұл өнімдер көрмелерде, жәрмеңкелерде, онлайн-платформаларда сатылады. Мұндай модель қатысушылардың экономикалық белсенділігін көтеріп, қоғамдағы рөлін нығайтады.

Орталықтың қызмет пакетіне кәсіби арт-терапия, шығармашылық шеберханалар, сенсорлық интеграция және әлеуметтік дағдыларды дамыту тренингтері кіреді. Арт-терапия сабақтары психологиялық мамандардың - арт-терапевттердің, клиникалық психологтардың және дефектологтардың қатысуымен өтеді, олар әрбір қатысушының жеке қажеттіліктеріне сәйкес бағдарлама құрастырады. Шеберханаларда қатысушылар иллюстрация, акварель және майлы бояумен жазу, коллаж, керамика, текстиль, қолданбалы өнер, цифрлық иллюстрация және принт-дизайн салаларында тәжірибе жинақтайды. Қолда бар қабілеттерге сәйкес қатысушылар шағын сериялы өнімдер жасауға және оларды дүкендерде, көрмелерде, онлайн-платформаларда ұсынуға дайындалады; орталық көркем жұмыстарды өңдеу, фото және контент жасау арқылы нарық талаптарына бейімдейді. Осылайша қатысушылар шығармашылық өндіріс процесінің барлық кезеңдерін - идеядан бастап дайын өнімді ұсынуға дейінгі - өздігінен немесе қолдау арқылы меңгереді. Орталықтың іргетасында – баланы өнерге бейімдеу идеясы жатыр. Өнер арнайы қажеттіліктері бар балалар үшін тек шығармашылық әрекет емес, олардың сезіну қабілетін, моторикасын және эмоционалдық әлемін дамытатын терапиялық құрал. Түстерді тану, текстураларды қолмен сезіну, материалдармен жұмыс істеу - баланың ұсақ моторикасын жетілдіріп, сенсорлық қабылдауын күшейтеді. Осындай тәжірибелі сабақтар арқылы бала өз денесін жақсырақ сезінеді, қимылдарын үйлестіреді, қол көз координациясы жақсарады. Өнерге бағытталған ортада бала еркіндік алады, қателесуден қорықпайды, өз ойын қауіпсіз түрде білдіреді. Бұл оның өзін-өзі тануына, эмоциялық тұрақтылығына және шығармашылық сенімінің қалыптасуына ықпал етеді. Орталық үшін дәл осы тәсіл - баланың потенциалын табиғи жолмен ашатын ең нәзік және ең күшті құралдардың бірі. Өнер арқылы дамыған сезіну, қимыл-қозғалыс және эмоцияны білдіру қабілеттері баланың қоғамға сіңісу процесін айтарлықтай жеңілдетеді. Түстерді ажырату, текстураларды сезіну, материалдармен еркін жұмыс істеу сияқты дағдылар тек моториканы ғана емес, баланың өз ойын жеткізуін, өзгелермен байланыс орнатуын да нығайтады. Осындай тәжірибе жинақтаған бала ортада өзін сенімді сезінеді, топпен

жұмыс істеуге бейімделеді, жаңа адамдармен араласу оған қиын болмайды. Өзін түсіне алатын, қабілетін қабылдайтын ортада бала біртіндеп ашылып, қоғамның толыққанды мүшесі ретінде қалыптасады.

Осылайша, орталықтағы өнерге негізделген әдістеме - баланың жеке дамуын қолдай отырып, оның әлеуметтік бейімделу жолын да жеңіл әрі табиғи етеді. Орталықтың жұмысында психологияның рөлі ерекше. Арт-терапевт, дефектолог, психолог және тифлопедагог мамандарының қатысуы арқылы жеке даму бағдарламалары құрылады. Психологиялық сүйемелдеу қатысушылардың ішкі сенімділігін арттырып қана қоймай, шығармашылық процеске бейімделуге көмектеседі. Бұл тәсіл эмоциялық интеллектіні дамытуға, стресс деңгейін азайтуға, когнитивтік процестерді жақсартуға тиімді екені ғылыми еңбектерде жан-жақты дәлелденген [7], [8].

«Жылу Көзі» орталығының брендингтік шешімдерінің барлығы логотип, түстер палитрасы, шрифттік жүйе, визуалды стиль орталықтың философиясын толық көрсететін тұтас жүйе ретінде жасақталды. Айдентиканың теориялық және практикалық негіздері дизайн теориясының жалпы қағидаларымен байланысады (практикалық дизайн-философияны қарастыратын еңбек бойынша ұсыныстар) [10]. Бұл дипломдық жұмыста айдентиканың теориялық негіздері, символдық шешімдері, тұстанулық аргументациясы және әлеуметтік мәні жан-жақты талданады. Орталықтың бренд концепциясы дипломдық жобаның келесі кезеңінде макеттік жүйе, навигация элементтері, орталық кеңістігінің визуалды айдентикасы және коммуникациялық материалдар арқылы толық ашылады. Бұл жұмыс инклюзия тақырыбына қатысты ғылыми, мәдени және дизайнерлік көзқарасты біріктіретін зерттеу болып табылады. Оның практикалық маңызы қоғамда қабылдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін тұрақты, өміршең және әлеуметтік бағдарланған орталықтың концепциясын ұсыну. Шығармашылықты, психологияны және әлеуметтік кәсіпкерлікті тоғыстыра отырып, «Жылу Көзі» орталығы ерекше қажеттіліктері бар адамдарға ұзақ мерзімді даму жолын ашады және инклюзияны қоғамның күнделікті өміріне енгізудің жаңа моделін ұсынады.

Қорытындылай келе «Жылу Көзі» инклюзивті орталығы өнер мен психологияны, әлеуметтік кәсіпкерлікті біріктіретін бірегей әлеуметтік бастама. Орталық арнайы қажеттіліктері бар адамдарға өзін-өзі білдіру, қоғаммен қарым-қатынас жасау және еңбекке тартылу мүмкіндігін береді. Бағдарламалары арт-терапия, шығармашылық шеберханалар және әлеуметтік дағдыларды дамыту қатысушылардың эмоционалдық және сенсорлық дамуына ықпал етеді, ал өнімдерінің жартысы ерекше қабілеті бар қатысушылардың еңбегінен тұрады. Бұл әлеуметтік кәсіпкерлік моделі тұрақты кіріс көзін қамтамасыз етіп, қатысушыларды қоғам өміріне белсенді түрде қосады. Айдентикасы орталықтың философиясын көрсетеді: минимализм, қолжетімділік, жылы түстер және қарапайым графикалық шешімдер арқылы сенсорлық сезімталдығы жоғары келушілер үшін жайлы орта жасалады. Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, кәсіби терапевтік кадрлар, нарықтық коммуникация мен сапалы өнімдерді тұрақты шығару орталықтың табысты жұмыс істеуінің кепілі болып табылады. «Жылу Көзі» жобасы инклюзияны насихаттап, қатысушыларға әлеуметтік және экономикалық мүмкіндіктер аша отырып, қоғамдағы өзекті мәселені шешуге бағытталған тиімді әрі тұрақты модель ретінде көрінеді.

**СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ**

1. Hinz, L. D. (2009). *Expressive Therapies Continuum: A Framework for Using Art in Therapy*. Routledge.
2. Malchiodi, C. A. (2006). *The Art Therapy Sourcebook*. McGraw-Hill.
3. Creative Growth Art Center (Oakland)- ақпарат пен тәжірибе (практикалық мысал).
4. Project Ability (UK) инклюзивті өнер тәжірибелері мен коммерцияландыру бойынша мысалдар.
5. ArtLifting - әлеуметтік платформа ретінде инклюзивті авторлардың жұмыстарын нарыққа шығару тәжірибесі.
6. Arts Access Australia - өнер және инклюзия бойынша ұлттық бағдарламалар.
7. Kagin, S., & Lusebrink, V. B. (1978). (Эмпирикалық зерттеулер мен арт-терапияның когнитивтік/эмоционалдық әсерін сипаттайтын дерек).
8. Rubin, J. A. (2016). *Approaches to Art Therapy: Theory and Technique*. Routledge.
9. World Health Organization. (2011). *World Report on Disability*. WHO.
10. Norman, D. A. (2013). *The Design of Everyday Things: Revised and Expanded Edition*. Basic Books.
11. Birren, F. (1961). *Color Psychology and Color Therapy*. McGraw-Hill.
12. Bornstein, D. (2007). *How to Change the World: Social Entrepreneurs and the Power of New Ideas*. Oxford University Press.

## **SECTION: TECHNICAL SCIENCE. TRANSPORT**

**Абдуллаева Г.Д.  
аға оқытушы**

**Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
(Түркістан, Қазақстан)**

### **ЫЛҒАЛДЫ КИІЗ БАСУ ТЕХНИКАСЫ**

**Аңдатпа.** Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы жүннен жасалған бұйымардың құрғақ және сумен басу әдісі мен ерекшеліктерін салыстырмалы түрде талданғандығында. Мен өз зерттеулерімде қазақ халқының қолөнер бұйымдарының жасалу ерекшеліктерімен жүннен картина жасаудың жаңа технологияларын зерттедім.

**Кілт сөздер:** Қазақ халқының қолөнері, жүннен жасалған бұйымдар, технология, жүннен киіз басу.

*Абдуллаева Г.Д.*

*старший преподаватель*

*Международный Казахско-Турецкий Университет имени К.А. Ясауи  
(Туркестан, Казахстан)*

### **ТЕХНИКА МОКРОГО ВАЛЯНИЯ ШЕРСТИ**

**Аннотация.** Эта научная работа заключается в том, что сравнительно проанализированы методы и особенности сухого и водяного валяние шерстяного изделия. В своих исследованиях изучил новые технологии создания шерстяных полотен с особенностями создания казахских народных ремесел.

**Ключевые слова:** Ремесла казахского народа, Изделия из войлока, технология, валяние из шерсти

*Abdullaeva G.D.*

*senior teacher*

*International Kazakh-Turkish University name K.A. Yasavi  
(Turkestan, Kazakhstan)*

### **WET FELTING TECHNIQUE**

**Annotation.** The scientific novelty of this work lies in the comparative analysis of the method and features of dry and water pressing of wool products. In my research, I have studied

*in depth the new technologies of creating paintings from wool with the peculiarities of creating handicrafts of the Kazakh people.*

**Keywords:** *Crafts of the Kazakh people, Felt products, technology, wool felting*

Атадан балаға мұра болып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді қайта жаңғырту және заманауи әдістерін қанағаттанарлық сапаға көтерілуіне жағдай жасаудың бірден-бір себебі; ұлттық қолданбалы өнерді үйренуде қажетті оқу материалдарын, әдістемелік және дидактикалық құралдардың жеткілікті мөлшерде қолдану.

Ұлттық қолөнер саласында түсініктерді кеңейту, шығармашылық қолөнер бұйымының мазмұнымен, мәнінің үйлесім табуын, әрі білім алушының шығармашылық ой-қиялы мен талғам өрісіне ықпал ететіндей жағдайда жүргізіліп, нақтылы көркемдік білім негіздерін айқындауға дұрыс көңіл бөлу. Ұлттық тәрбие беруде халық педагогикасының озық үлгілері мен қолөнердің ұлттық дәстүрлерін тиімді пайдаланамыз.

Сан ғасырлар бойы халық арасында қолөнер элементтері стилизацияланып немесе түп нұсқасы пайдаланылып келеді. Кейде қолөнердің бай мазмұнға ие болып шарықтау шегін байқасақ, енді бірде тоқырау кезеңдерін көруге болады. Ғасырлар өте қолөнер туындыларында пайдаланатын нысандары өзгертіле бастады. Қолөнердің даму тарихына көз жүгіртсек, геометриялық сынық сызықтар мен қиялы бейнелерден бастау алған қазақ қолөнерінің барлығы уақыт өте келе стильденген абстрактіліп қолөнерге айналды. Қолөнер ғасырлар бойы дамып, жетіліп, уақыт сынынан сүрінбей өтіп, қалыптасып келе жатқан халық шығармашылығының сарқылмас қайнар көзі, халқымыздың мәдениетінің айнасы. Ол талай ғасырлар елегінен өтіп, түрленіп, жаңарып, атадан балаға қалған мұра ретінде бізге саф алтындай таза күйінде жеткен дәстүрлі де қастерлі өнер.

Қазақ халқымыздың көне дәуірлерден өшпес мұрасы болып ұрпақтан ұрпаққа, әкеден балаға сабақталып, өзіндік тарихымен, әдет – ғұрпымен, сәндік көркемдік жолмен көшпенді елімізді бүкіл әлемге өзіндік ерекшелігімен танытып келе жатқан өнеріміз бұл – қолөнер.

Қолөнер халықтың әлуметтік, салт-дәстүрінде алатын орыны өте жоғары, оның ішінде қол өнерді нақышына келтіріп әдемілік пен әсемдік дүниенің ауқымын кеңейтетін ол – қазақ ою-өрнектері.

Ою-өрнек сөздері бір мағынаны білдіреді. Бедері түсірілген үлгіні ойып, қиып немесе екі затты оюып қиюластыру, үйлесіру - ою деп аталады. Ал киім-кешекке, түскиізге, т.б. қолөнер бұйымдарына кестелеп бейнеленетін бедер, сол сияқты тоқылатын алашаға, басқұрға және қоржынға түсірілген түрлі геометриялық бедерлерді өрнек дейді. Өрнекті тасқа, ағашқа күйдіріп қашап бояп түсіруге болады. Сонымен ою және өрнек деген сөзі бірігіп келіп, латынша «Орнамент» деген ұғымды білдіреді. Бұл сөз көп халықтың тіліне сіңген термин, мағынасы – сәндеу, әсемдеу.

Қазақ ою-өрнегі — ғасырлар бойы дамып келе жатқан өнер туындысы. Халқымыздың қай қол өнері саласын алсақ та, ою-өрнектердің өзіндік ерекшелігін сақтай отырып, белгілі бір тәртіппен орналасқанын көреміз.

Қай халықтың болмасын ұлттық мұрасы, халықтық қазынасы – қолөнері болып табылған. Халық шеберлері ұлттық қолөнер бұйымдарын жасау арқылы сол халықтың

этикалық және мәдени ұлттық дәстүрін көрсете білген. Зерттеліп отырған жұмыста халқымыздың қолөнерінің бір ғана қырын ала отырып, қазақ қолөнерінің ұлттық ерекшелігімен сол қолөнердің заман ағымымен дамып келе жатқандығын көре аламыз.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерді өткен ғасырда жоғалтып ала жаздап, егеменді ел болғалы өз мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді, рухани сән-салтанатымызды, ырым-нанымы, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік болмысымызды қайта жандандырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордасына бірте-бірте тамаша үлгеріммен еніп, білім алушыларға жан-жақты білім мен тәрби беруге, жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр. Әрине бұл ұлттық педагогика негізі болып табылады.

Әр ұлт өзінің болашақ ұрпағының сана-сезімін, ұлттық психологиясын, оны ерте замандағы ата-бабалар салт-дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу қазіргі күннің ең өзекті мәселесі екендігін өмірдің өзі көрсетіп отыр.

Киіз басу, сырмақ сыру, текемет, алаша, шым-ши, аяққап пен кілем тоқу сияқты қолөнер бұйымдарын күні бүгінге дейін өз маңызын жоғалтпай келе жатқан дәстүрлі қолөнер үлгілерін үйрету – білім алушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке талпындырып, халқының қолөнер тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды. Оның үстіне ұлттық қолөнер өзінің тарихы терең, мазмұны сан қилы ерекшеліктерімен болашақ жастарға рухани, эстетикалық тұрғыда әсер етіп, олардың тұлғалық және шығармашылық қасиеттерін дамыта түсері сөзсіз.

Қазақтың төрт түлік малын, ішсе сусын, жесе тамақ, мінсе көлігі, төсенсе төсеніші ете білген дана халқымыз. Көшпенді өмірінің салт дәстүріне, тұрмыс мәдениетіне айналған қол өнер бұйымдарының көбін, алыстан іздемей, қолындағы барын ұқсату үшін, киіз үй жабдықтарын қойдың жүнінен жасаған. Оларда атап айтатын болсақ: киіз, текемет, түскиіз, аяққап, асадал, алаша, кілем, қоржын, басқұр, түндік, және т.б.с.с.

